

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 862 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетіне және Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитетіне бөлу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

3. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің ведомстволары республикалық мемлекеттік заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясында) басшылық ету жөніндегі уәкілетті органдар болып айқындалсын.

4. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакеттері мен қатысу үлестерін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Көлік министрлігіне және оның ведомстволарына берсін.

6. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 4 қазандағы
№ қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі туралы ереже 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) теміржол, автомобиль, ішкі су көлігі; сауда мақсатында теңізде жүзу салаларында; Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану мен азаматтық және эксперименттік авиация қызметі; аэронавигация мен әуежайлардың көрсетілетін қызметтері саласындағы табиғи монополиялар; әуежайлардың көрсетілетін қызметтері саласындағы қоғамдық маңызы бар нарықтар; автомобиль жолдары салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Министрліктің мынадай ведомстволары бар:

- 1) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті;
- 2) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті;
- 3) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Азаматтық авиация комитеті;
- 4) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті.

3. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Министрлік мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және мемлекеттік тілде атауы жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Министрлік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Министрлік өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Министрліктің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Министрліктің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты.

10. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Министрліктің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Министрлікке кәсіпкерлік субъектілерімен Министрліктің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Министрлікке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Министрліктің міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

1) теміржол, автомобиль, ішкі су көлігі; сауда мақсатында теңізде жүзу салаларындағы; Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану мен азаматтық және эксперименттік авиация қызметі; аэронавигация мен әуежайлардың көрсетілетін қызметтері саласындағы табиғи монополиялар; әуежайлардың көрсетілетін қызметтері саласындағы қоғамдық маңызы бар нарықтар; автомобиль жолдары салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;

2) Министрліктің құзыретіне кіретін қызмет саласында мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

3) көліктің және оның өміршендік циклі процестерінің адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

4) көлік саласында инвестициялық, ғылыми-техникалық және әлеуметтік саясатты қалыптастыру және жүргізу;

5) мемлекеттің және халықтың тасымалдауға мұқтаждығының болжамдарын әзірлеу;

6) көлік саласында Қазақстан Республикасының мүддесін қорғау;

7) экономиканың және республика халқының тасымалдауға, оның ішінде әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалына және оларға байланысты көрсетілетін қызметтерге қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау;

8) жолаушылар тасымалын жүзеге асыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қоса алғанда, жаңа технологияларды, мүгедектігі бар адамдар үшін бейімделген құрылғылар мен технологиялардың ұтқырлығын жеңілдететін құралдарды пайдалану;

9) жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын көлік жұмыскерлерін мүгедектігі бар адамдармен қарым-қатынас жасау және оларға қызмет көрсету дағдыларына, оның ішінде ымдау тіліне үйрету;

10) көлік қызметін пайдаланушылар құқықтарының сақталуын бақылау және қадағалау;

11) Қазақстан Республикасы көлік кешені қызметінің жұмысын үйлестіру және мемлекеттік реттеу функцияларын жүзеге асыру;

12) реттелетін салаларда мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

13) реттелетін салаларда мемлекеттік басқару;

14) қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және ілгерілету кезінде гендерлік теңгерімді сақтау;

15) өз құзыреті шегінде Министрлікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде орындауға міндетті құқықтық актілерді қабылдайды;

заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратады және алады;

өз құзыреті шегінде консультативтік-кеңесші және сарапшылық комиссиялар құрады;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардың лауазымды адамдарынан және жеке тұлғалардан Министрлікке жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұратады және алады;

өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарға олар қабылдаған, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын актілердің күшін жою немесе өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшыларымен реттелетін саладағы қызметтің түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған меморандумдар (келісімдер) жасасады;

Қазақстан Республикасының Президентіне және Үкіметіне Министрлік реттейтін салалардағы қызметті жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

2) міндеттері:

өз құзыреті шегінде орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

Министрліктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қолданыстағы заңнаманы қолдану бойынша түсіндірмелер мен ескертулер береді;

Еңбек кодексінде және мемлекеттік қызмет туралы заңнамада көзделген жағдайларда және тәртіппен жұмыскерлерді көтермелейді, тәртіптік жазалар қолданады, материалдық жауаптылыққа тартады;

Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

15. Функциялары:

- 1) реттелетін салаларда мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;
- 2) мемлекеттік бақылау және қадағалау жүзеге асырылатын реттелетін салаларда (аяларда) мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 3) экономиканың тиісті салаларында мемлекеттік саясатты іске асыру кезінде бәсекелестікті дамыту және бәсекелестікке теріс ықпал ететін әрекет (әрекетсіздік) жасамау жөнінде шаралар қабылдау;
- 4) ойын бизнесі саласындағы лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесін қоспағанда, біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен келісу және оларды бекіту;
- 5) реттелетін салалардағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;
- 6) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу үшін бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеуге арналған тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына, тексеру парақтарына қатысты актілерді әзірлеу және бекіту;
 - 6-1) тексеру парағына енгізілген талаптар арасынан бұзылуы жедел ден қою шараларын қолдануға алып келетін талаптар тізбесін айқындау, сондай-ақ нақты бұзушылықтарға қатысты осы шараның қолданылу мерзімін көрсете отырып, жедел ден қою шарасының нақты түрін (қажет болған кезде) айқындау;
 - 6-2) ішкі су көлігі және сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы қадағалау актілерінің нысандарын әзірлеу және бекіту;
 - 6-3) бұзылуы жедел ден қою шараларын қолдануға алып келетін талаптардың тізбесін айқындау, сондай-ақ талаптарды нақты бұзушылықтарға қатысты жедел ден қою шарасының нақты түрін осы шараның қолданылу мерзімін көрсете отырып (қажет болған кезде) айқындау;
 - 6-4) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша өз құзыреті шегінде тауарлардың нысаналы мақсатын растау тәртібін және нысанын айқындау;
 - 6-5) өз құзыреті шегінде тауарлардың нысаналы мақсатын растауды жүзеге асыру;
- 7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік бақылауды және қадағалауды ұйымдастыруды жүзеге асыру;
- 8) мемлекеттік бақылау және қадағалау тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру;
- 9) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде белгіленген тәртіппен хаттамалар толтыру, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау және әкімшілік жаза қолдану;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыру;

11) өз құзыреті шегінде реттелетін салалардағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, келісу және бекіту;

12) құзыреті шегінде тауарларды таңбалау мен олардың қадағалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

13) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен реттеушілік әсерді алдын ала талдау рәсімін жүргізу;

14) реттегіш құрал енгізілген немесе енгізілуі жоспарланып отырған жекелеген салада немесе мемлекеттік басқару саласындағы кәсіпкерлік қызметті реттеудің жай-күйі туралы есептерді кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органға ұсыну;

15) реттелетін салаларда салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

16) соттарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап-арыздар беру;

17) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерін және өзге де коммерциялық емес ұйымдарды аккредиттеу;

18) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптама кеңесінің құрамын әзірлеу және бекіту;

19) Қоғамдық кеңес құру;

20) Қоғамдық кеңестің ұсынымдарын қарау;

21) Министрліктің өзге де жұмыс органдарының жұмысына Қоғамдық кеңес мүшелерінің қатысуын келісу;

22) Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамында Министрлік өкілдігінің дербес құрамын айқындау;

23) Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамын әзірлеу және бекіту;

24) Қоғамдық кеңестің құрамын әзірлеу және бекіту;

25) Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

26) азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актінің жобасын Қоғамдық кеңеске жіберу;

27) Қоғамдық кеңестің қоғамдық тыңдауларды өткізу мерзімдерін келісу;

28) Министрлік жұмысының нәтижелері туралы Қоғамдық кеңеске есеп беру;

29) жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарау, сондай-ақ арыз иелері көтеретін жүйелі проблемаларды анықтау және талдау жүргізу;

30) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

31) халықаралық қаржылық және экономикалық ұйымдармен, сондай-ақ интеграциялық бірлестіктермен өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасау;

32) халықаралық ұйымдармен және (немесе) шет мемлекеттермен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу;

33) реттелетін салаларда кадрлар қажеттілігін айқындау;

34) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мемлекеттік акциялар пакетіне (жарғылық капиталға қатысу үлесіне) иелік ету және пайдалану құқығын, сондай-ақ республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерге қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті органның функцияларын жүзеге асыру;

35) жаңа магистральдық жолдарды салу бойынша шешімдер қабылдау;

36) магистральдық теміржол желісін пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

37) жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және пошта жөнелтілімдерін теміржол көлігімен тасымалдау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

38) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

39) вагондар мен локомотивтерді сатып алуға кредит беру және қаржылық лизингі кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға арналған үлгілік шартты әзірлеу және бекіту;

40) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялауға арналған үлгілік шартты әзірлеу және бекіту;

41) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялауға арналған шарт заңнамаға сәйкес бұзылған жағдайда әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын және жолаушылар вагондарын сатып алуға берілетін кредиттік қаражатты қайтару мен қаржылық лизингті төлеу міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ететін жаңа тасымалдаушыны айқындау;

42) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау бойынша шарт жасасу;

43) әлеуметтік маңызы бар облысаралық қатынастарда жолаушылар тасымалы бойынша көрсетілетін қызметтерге бағалардың (тарифтердің) шекті деңгейлерін белгілеу;

44) вагондар мен локомотивтерді сатып алуға кредит беру және қаржылық лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

- 45) вагондар мен локомотивтерді сатып алуға кредит беру және қаржылық лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау;
- 46) теміржол көлігімен жолаушылар, багаж, жүк, жүк-багаж және пошта жөнелтілімдерін тасымалдау тәртібін және шарттарын белгілеу;
- 47) мемлекеттік меншік болып табылатын теміржол арқылы теміржол қатынасын тоқтату тәртібін белгілеу;
- 48) жылжымалы құрамды және жылжымалы құрамның кепілін міндетті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) тәртібін белгілеу;
- 49) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша теміржол көлігіндегі мемлекеттік бақылау жұмыскерлерін нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын әзірлеу және бекіту;
- 50) теміржол көлігімен тасымалдау кезінде жүктің әскерилендірілген күзетін қамтамасыз ету тәртібін айқындау;
- 51) арнайы тасымалды жүзеге асыру тәртібін айқындау;
- 52) магистральдық теміржол желісіне кіретін магистральдық жолдардың тізбесін әзірлеу және бекіту;
- 53) жеке және заңды тұлғалардың қаражаты есебінен салынған объектілерді магистральдық теміржол желісінің құрамына беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 54) жолаушыларды облысаралық және халықаралық қатынастарда тасымалдауды ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 55) теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 56) жол жүру құжаттарын (билеттерін) сатуды ұйымдастыру кезінде жолаушылар тасымалын басқарудың автоматтандырылған жүйесіне қол жеткізу және өзара технологиялық іс-қимыл жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 57) теміржол көлігінің қауіптілігі жоғары аймақтарда жолаушылардың, азаматтардың болуы және объектілерді орналастыру, оларда жұмыс жүргізу, теміржол арқылы жүру және өту қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 58) шығыстары бюджет қаражаты есебінен ұзақ мерзімді субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша ашық тендер негізінде конкурс өткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 59) теміржол вокзалдары қызметін ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 60) теміржол вокзалдарының класын айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту;
- 61) әлеуметтік маңызы бар қатынастарда жолаушылар тасымалы бойынша көрсетілетін қызметтерге бағалардың (тарифтердің) шекті деңгейлерін айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту;
- 62) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау көлемін айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

- 63) теміржолды жаңғыртуға кредит беру және қаржылық лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 64) теміржолды жаңғыртуға кредит беру және қаржылық лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға арналған үлгілік шартты әзірлеу және бекіту;
- 65) тасымалдауды жүзеге асыру кезінде ұлттық теміржол компаниясы мен тасымалдаушылардың мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындау;
- 66) теміржол көлігін техникалық пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 67) әлеуметтік маңызы бар облысаралық жолаушылар қатынастарының тізбесін айқындау;
- 68) магистральдық теміржол желісі Ұлттық инфрақұрылым операторына беріле отырып, Ұлттық теміржол компаниясына беру үшін ұлттық басқарушы холдингке беру шарттары мен тәртібін белгілеу;
- 69) мемлекет меншігіндегі магистральдық, станциялық жолдар және магистральдық теміржол желісінің өзге де объектілері Ұлттық инфрақұрылым операторына беріле отырып, Ұлттық теміржол компаниясына беру үшін ұлттық басқарушы холдингке беру шарттары мен тәртібін белгілеу;
- 70) Қазақстан Республикасының теміржол көлігі туралы заңнамасында көзделген уақытша теңгерімдеуші төлемді есептеу және төлеу қағидаларын келісу;
- 71) Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) багажды, жүкті және жүк-багажды тасымалдауды шектеу туралы, әкелуге, әкетуге, олардың транзитіне тыйым салу туралы шешімдер қабылдау;
- 72) механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесінің операторын белгілеу;
- 73) астанада автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын келісу;
- 74) Қарулы Күштердің басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін қоспағанда, механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын, механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізу кезеңділігін бекіту;
- 75) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 21.01.2025 № 16 (05.04.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**
- 76) міндетті техникалық қарап-тексеруді жүргізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту;
- 77) авария мен апат кезінде шұғыл шақыру жүйесі операторының функциясын жүзеге асыратын заңды тұлғаны айқындау;
- 78) авария мен апат кезінде шұғыл шақыру жүйесін ұйымдастыру және пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

- 79) автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 80) жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 81) әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 82) автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 83) автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 84) автокөлік құралдарын техникалық пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 85) Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобиль тасымалында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 85-1) рұқсат беру талаптарын және оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесін, екінші санаттағы рұқсатты алу үшін өтініш нысандарын, екінші санаттағы рұқсат нысандарын, рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру қағидаларын және техникалық қарап-тексеру операторларының қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы нормативтік құқықтық актіні әзірлеу, рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу және бекіту;
- 86) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша автомобиль көлігі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның лауазымды адамдарын нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын әзірлеу және бекіту;
- 87) Қазақстан Республикасының аумағында ірі көлемді және ауыр салмақты жүктердің тасымалын ұйымдастыру және оны жүзеге асыру тәртібін әзірлеу және бекіту;
- 88) автоматтандырылған өлшеу станцияларының жұмысын ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 89) автомобиль көлігі құралдарының салмағын өлшеу станцияларының жұмысын ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 90) автоматтандырылған өлшеу станцияларының тізілімін жүргізу;
- 91) қалалық рельсті көліктегі қауіпсіздік қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 92) төтенше жағдайларды жоюға тасымалдаушыларды тарту тәртібін айқындау;
- 93) жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастырудың үлгілік шартын әзірлеу және бекіту;
- 94) Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының жол берілетін параметрлерін әзірлеу және бекіту;

95) автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағына кіру және оның аумағынан шығу, сондай-ақ оның аумағы арқылы транзитпен жүріп өту тәртібін айқындау;

96) автомобильмен тасымалдаушыларға автомобильмен халықаралық жүк тасымалын жүзеге асыруға рұқсат беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

97) Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға жол берілетін қауіпті жүктердің тізбесін әзірлеу және бекіту;

98) кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

99) жолаушыларды, багажды және жүкті тасымалдау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

100) кеме жүргізушілерді шағын көлемді кемені басқару құқығына аттестаттау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

101) кемелермен тасымалдауға арналған қауіпті жүктердің тізбесін әзірлеу және бекіту;

102) теңіз портының міндетті түрде көрсететін қызметтерінің тізбесін айқындау;

103) ішкі су жолдарымен жүзу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

104) кәсіби диплом үлгілерін, кәсіби диплом растамасын, теңізшілерге диплом беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

105) теңіздегі кеме қатынасы аясында навигация және байланыс саласындағы қызметтерді ұсыну жөніндегі уәкілетті ұйымды айқындау;

106) теңізде жүзу кітапшасының үлгісін, оны ресімдеу және беру тәртібін әзірлеу және бекіту;

107) шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

108) теңіз көлігі, теңіз оқу-тренажер орталықтары мамандарын даярлауды (қайта даярлауды) және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын куәландыру жөніндегі уәкілетті ұйымды айқындау;

109) Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәліктерінің, кәсіби дипломдардың, кәсіби дипломдар растамаларының, жеңілдік рұқсаттарының, теңізде жүзу кітапшаларының тізілімдерін жүргізу тәртібін әзірлеу және бекіту;

110) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша кеме экипажы мүшелерін медициналық қарап-тексеру қағидаларын, олардың денсаулығы мен дене жарамдылығына қойылатын талаптарды, сондай-ақ медициналық қорытындының нысанын әзірлеу және бекіту;

111) теңіз көлігі, теңіз оқу-тренажер орталықтары мамандарын даярлауды (қайта даярлауды) және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын куәландыру қағидаларын әзірлеу және оларға қойылатын талаптарды бекіту;

112) теңіз көлігі, теңіз оқу-тренажер орталықтары мамандарын даярлауды (қайта даярлауды) және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын куәландыру жөніндегі уәкілетті ұйымды айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

113) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша су көлігі саласындағы мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;

114) навигациялық орталықтың көрсететін қызметтерін пайдалану тарифтерін (бағасын) әзірлеу және бекіту;

115) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 04.07.2024 № 531 қаулысымен;

116) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 04.07.2024 № 531 қаулысымен;

117) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 04.07.2024 № 531 қаулысымен;

118) теңіз кемелерін жабдықтау жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту;

119) Қазақстан Республикасының теңіз порттарында және оларға кіреберістерде кемелердің жүзу және тұрақта тұру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

120) кемелермен болған авариялық жағдайларды тергеп-тексеру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

121) Министрдің бұйрығымен бекітілген кемелермен болған авариялық жағдайларды тергеп-тексеру қағидаларына сәйкес кемелермен болған авариялық жағдайларды тергеп-тексеру және сыныптау;

122) Министрдің бұйрығымен бекітілген Ішкі су жолдарында кемелермен, оның ішінде шағын көлемді кемелермен болған көлік оқиғаларын тергеп-тексеруді, оларды сыныптауды және есепке алуды жүргізу қағидаларына сәйкес кемелермен, оның ішінде шағын көлемді кемелермен болған көлік оқиғаларын тергеп-тексеру, сыныптау және есепке алу;

123) кеме кітабында мемлекеттік тіркелуге жататын кемелердегі көлік оқиғаларын тергеп-тексеру;

124) кеме құжаттарының тізбесін, кеме құжаттарын жүргізу қағидаларын және кеме құжаттарына қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;

125) теңіз порттарын, оның ішінде халықаралық маңыздағы мәртебесі бар теңіз порттарын, порт құрылыстарын және теңіз порты акваториясын пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

126) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кеме экипажының ең аз құрамына қойылатын талаптарды белгілеу;

126-1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кеме экипажының құрамына шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың кіру шарттарын айқындау;

127) кеме кітабында мемлекеттік тіркелуге жататын кемелердегі көліктік оқиғаларды тергеп-тексеру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

- 128) шағын көлемді кемені және олар тоқтауға арналған базаларды (құрылыстарды) пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 129) кеме тарихын үздіксіз тіркеу журналын жүргізу тәртібі мен нысанын әзірлеу және бекіту;
- 130) Қазақстан Республикасының теңіз көлігі кемелеріндегі қызмет жарғысын әзірлеу және бекіту;
- 131) Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы халықаралық шарттарының талаптарына сәйкес теңіз көлігі мамандарын даярлау куәліктерінің тізбесі мен нысандарын әзірлеу және бекіту;
- 132) теңіз порттарын салу үшін оларды орналастыру тәртібін айқындау;
- 133) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша теңіз көлігіндегі мемлекеттік бақылау жұмыскерлерін нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын әзірлеу және бекіту;
- 134) мұнаймен ластанудан болатын залал үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржылық қамтамасыз ету туралы куәлікті беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 135) палубалы шағын көлемді кемелерді техникалық қадағалау қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 136) ішкі су жолдарын пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 137) кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 138) жағалау белдеуін пайдалану тәртібін айқындау;
- 139) кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру тәртібін айқындау;
- 140) Қазақстан Республикасының мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 141) қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 142) "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кемелер экипаждарының ең аз құрамына қойылатын талаптарды белгілеу;
- 143) кемелердің портқа кіру және порттан шығу, кемелердің порт акваториясы мен порттағы тұрақ шегінде жүзуі қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 144) кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін айлаққа қою, тоқтату және олардың тұрақта тұруы үшін уақытша құрылғылар мен жүзу құрылыстарын орнату, жолаушыларды кемеге отырғызу және одан түсіру, жүктерді тиеу, түсіру және сақтау тәртібін айқындау;
- 145) ішкі су көлігінде жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

146) ішкі су жолдарында кемелермен, оның ішінде шағын көлемді кемелермен болған көлік оқиғаларын тергеп-тексеруді, оларды сыныптауды және есепке алуды жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

147) ішкі суда жүзетін кемелерді техникалық пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

148) "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кемелердегі қызмет жарғысын әзірлеу және бекіту;

149) кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін сүйреу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

150) кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды (шлюздерді) техникалық пайдалану, тексеру және жөндеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

151) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар мемлекеттік қадағалау жұмыскерлерін қамтамасыз етудің заттай нормаларын әзірлеу және бекіту;

152) палубалы шағын көлемді кемелерді техникалық қадағалауды жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

153) кемелерді және порт құралдарын күзету жөніндегі қағидалар мен талаптарды әзірлеу және бекіту;

154) шағын көлемді кемелердің жүзу аудандарының разрядына қарай су бассейндерінің тізбесін әзірлеу және бекіту;

155) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиттік жолаушылар қатынасына тыйым салу туралы шешімдер қабылдау;

156) Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) багажды және жүкті әкелуге, әкетуге, олардың транзитіне тыйым салу туралы шешімдер қабылдау;

157) білім беру саласындағы уәкілетті органмен және (немесе) ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша су көлігі саласындағы мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту;

158) ұлттық контингентін бітімгершілік операцияға қатысуға жіберу жоспарланған мемлекеттік органдарға (ұйымдарға) қолжетімді байланыс түрлерімен қамтамасыз етуге және ұлттық контингент пен жүктерді бітімгершілік операция жүргізу аймағына (ауданына) және кері қарай тасымалдауға жәрдемдесу;

159) аралас тасымалдар қағидаларын әзірлеу және бекіту;

160) әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған, төтенше жағдай енгізілген кезде көлік кәсіпорындарының шарттық қатынастарын тоқтата тұру жөнінде шешім қабылдау;

161) автомобиль көлігі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар лауазымды адамдарының тізбесін, нысанды киімнің (погонсыз), нөмірлі омырау белгілерінің, қызметтік куәліктің үлгілерін әзірлеу және бекіту;

162) тұрақты маршруттар бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау жөнінде қызмет көрсетуге тарифтер есептеу әдістемесін белгіленген тәртіпке сәйкес әзірлеу және бекіту;

163) Қазақстан Республикасының аумағында жүк көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын қолдану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

164) көліктік бақылау бекеттерінің жұмысын ұйымдастыру тәртібін әзірлеу және бекіту;

165) автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

166) арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарын пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

167) қалалық рельсті көлікті күтіп-ұстау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу тәртібін әзірлеу және бекіту;

168) көлік құжаттарын басқарудың бірыңғай жүйесін ұйымдастыру және пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

169) көлік құжаттарын басқарудың бірыңғай жүйесінде тіркеуге, есепке алуға, өндеуге және сақтауға жататын құжаттардың тізбесін әзірлеу және бекіту;

170) көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассилерінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттарын жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

171) автомобиль жолдарын жөндеу мен күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарға жұмсалатын шығындарды қаржыландырудың ғылыми негізделген нормативтерін дайындау;

172) облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары желісін құру және дамыту жөніндегі қызметті үйлестіру;

173) жол қызметі саласында ғылыми зерттеулер жүргізу;

174) қолданыстағы автомобиль жолдарын орташа жөндеу үшін техникалық құжаттамаға ведомстволық сараптама жүргізу тәртібін белгілеу;

175) Қазақстан Республикасының экономикасы мен қорғаныс қабілетін нығайту міндеттеріне сәйкес жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын дамытуды мемлекеттік жоспарлау;

176) автомобиль жолдарын күтіп-ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу және жол активтерін басқару кезінде орындалатын жұмыс түрлерінің сыныптамасын әзірлеу және бекіту;

177) автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған техникалық құжаттамаға ведомстволық сараптама жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

178) автомобиль жолдарының жол инфрақұрылымы қауіпсіздігінің мониторингі қағидаларын әзірлеу және бекіту;

179) жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізу, сондай-ақ автомобиль жолдарының жол активтерін басқару жөніндегі жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

180) жол дерекқорын қалыптастыру және жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

181) табиғи монополиялар саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісу бойынша магистральдық теміржол желісінің жұмыс істеуі үшін технологиялық қажетті станция жолдарының, электрмен жабдықтау, сигнализация, байланыс объектілерінің, құрылғылардың, жабдықтардың, үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың және өзге де объектілердің тізбесін әзірлеу және бекіту;

182) тасымалдарды ұйымдастыруға және (немесе) тасымалдауға байланысты қызметтерді орындауға арналған шарттар бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету тәртібі мен шараларын айқындау;

183) теміржол көлігімен тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзет алып жүруге тиіс жүктердің тізбесін әзірлеу және бекіту;

184) теміржол көлігі жұмыскерлерін кәсіби үздік белгімен марапаттау тәртібін әзірлеу және бекіту;

185) экспедитор қызметін көрсету тәртібін айқындау;

186) вагондар (контейнерлер) операторлары ұсынатын қызметтер тәртібін айқындау ;

187) локомотивтік тартқыш қызметтерін көрсету тәртібін айқындау;

188) тасымалдау процесіне қатысушылардың өзара технологиялық іс-қимыл жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

189) табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісу бойынша магистральдық теміржол желісінде көрсетілетін қызметтерге кіретін операциялардың тізбесін әзірлеу және бекіту;

190) табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісу бойынша кірме жолдарда көрсетілетін қызметтерге кіретін операциялардың тізбесін әзірлеу және бекіту;

191) теміржолдарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

